

ӘОЖ: 378

<https://orcid.org/0000-0002-6209-3383>

<https://orcid.org/0000-0002-1198-8320>

<https://orcid.org/0000-0003-2816-3621>

¹Усенова А.М., ¹Нурхамитова Б., ²Yücel Gelişli

¹доктор PhD, доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²доктор PhD, профессор, Анкара университетінің

Әлеуметтік ғылымдар институты. Анкара, Түркия

ҚАЗІРГІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМІ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Автор-корреспондент: akkenzhe_08@mail.ru**

Түйін: Бұл мақалада қазіргі мектеп мұғалімі тұлғасының өзін-өзі дамуының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері ашып көрсетіледі. Қазіргі қоғамның мамандарға талабы күн сайын өзгеріп отырады, әр кезде жаңалары пайда болып отырады. Мамандар өздерінің кәсіби қызметінде сауатты ғана емес, сонымен қатар үнемі өзін-өзі дамуға ұмтылдыратын өзгермелі жағдайларға икемді болуы керек. Осыған байланысты қазіргі заманғы мектеп мұғалімі тұлғасының өзін-өзі дамуы қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жоғары кәсіптік білімнің де, үздіксіз білімнің де рөлі артып келеді. Өзін-өзі дамуы – бұл белгілі бір мотивтердің әсерінен және өзін-өзі тану негізінде адамның таңдау жасау, жауапкершілікті сезіну және мақсаттарға жету қабілеттерімен анықталатын іс-әрекет жүзеге асырылатын үздіксіз үрдіс. Бүгінгі таңда мектеп мұғалімдері педагогикалық қызметкерлердің қатты кәсіби күйзеліске ұшырайтын категориясы деп саналады, оның салдарынан өз кәсібін дамуға, жетілдіруге деген ұмтылысы мен дайындығының төмендеуі болуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби өзін-өзі дамуының мақсаты кәсіби қызметтің мақсаттарына және тиісінше, белгілі бір кәсіби іс-әрекет мазмұнының ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Кілт сөздер: дамуы, өзін-өзі дамуы, тұлға, қазіргі мектеп мұғалімі, ерекшелік, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктер, фактор.

Кіріспе.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: педагогтердің кәсіби дамуы және жоғары мәртебесінің негізгі басымдықтардың бірі ретінде белгіленуі зерттелініп отырылған мәселенің өзектілігін айқындай түседі [1]

Сондықтан заманауи шынайылыққа іштей сәйкес болу үшін адам жаңа жағдаятқа жай бейімделіп ғана қоймай, оны өзгертуге қабілетті болуы, өзі де өзгеруі және дамуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, адамның әлеуетін айқындайтын белсенді іс-әрекет бастауы барлық ғылым саласындағы жетекші мәселенің біріне саналады.

Педагогикалық психологияда кәсіби өзін-өзі дамуы мәселесін көптеген ғалымдар зерттеді. Ғылыми әдебиеттерді талдау кәсіби өзін-өзі дамуының мазмұнын әртүрлі аспектіде ашып көрсететін бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді:

- өзін-өзі дамуы қазіргі адамның басым құндылықтарының бірі (О.Я.Пономарева, М.И. Постникова, Н.Н. Толстых);

- кәсіби және тұлғалық өзін-өзі дамуы мамандардың кәсіби қалыптасуы барысында жүзеге асырылатын, кәсіби және тұлғалық өзін-өзі жетілдіруді анықтайтын қажеттіліктер болып табылатын өзара байланысты процестер (Л.И. Анциферова, Ж.Г. Гаранина, Л.М. Митина и др.);

- әлеуметтік әсерлердің кәсіби өзін-өзі дамуы процесіне, өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған кәсіби қызмет пен өз қызметіне әсер етуі (Э.Ф. Зеер, И.А. Шаршов и др.);

- кәсіби өзін-өзі дамуының қозғаушы тетігі – бұл кәсіптегі «Мен» бейнесі мен жұмыс берушінің, кәсіптің, қоғамның және маманның кәсіби біліктілігіне қойылатын

талаптар арасындағы қайшылықты түсіну (М.Ю. Кряхтунов, Л.А. Кунаковская, А.В. Мингалеева, Е.Ю. Пряжникова);

- кәсіби өзін-өзі дамыту кезеңдері анықтауы (А.В. Вечеркина, Е.Н Воронова, И.Н. Дроздов);

- жоғары мектеп студенттерінің кәсіби өзін-өзі дамыту факторлары мен шарттарының анықталуы (А.М. Ахмедова, О.Э. Гуч, А.Т. Иваницкий, А.В. Мингалеева);

- жеке тұлғаның қасиеті ретінде кәсіби дайындық құрылымындағы компоненттерінің анықталуы (Е.А. Власова, Т.П. Осипова, М.В. Поплавская, Н.П. Тропникова, А.С. Чурсина и др.) және т.б.

Материалдар мен әдістер.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне дамудың жалпы ғылыми әдіснамалық қағидалары, сана мен іс-әрекеттің бірлігі, адамды іс-әрекет субъектісі ретінде зерттеудің іргелі қағидалары, сондай-ақ даму және өзін-өзі дамыту психологиясы саласындағы отандық және шетелдік теориялар мен зерттеулер алынады. Атап айтқанда, адамды табиғи, әлеуметтік және экзистенциалдық тұрғыдан сипаттайтын философиялық, психологиялық және педагогикалық ережелер (Л.Гегель, И.Кант және т.б.), тұлғаның мәні мен дамуы (К.С.Абулханова-Славская, М.М.Бахтин, В.Франкл және т.б.), жеке бас бостандығы (В.В.Зенковский, Э.В.Ильенков және т.б.); іс-әрекет теориясы (Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев және т. б.); оқыту мен дамудың байланысы туралы (Б. Г. Ананьев, Л. И. Божович, У. Джеймс, Э.Торндайк) зерттеулері; гуманистік педагогиканың ғылыми ережелері (Я.А. Коменский, А.Г. Асмолов, Ш.А. Амонашвили және т.б.).

Сонымен бірге ұсынылған мақалада негізгі ғылыми таным әдісінің бірі талдау әдісі қолданылады, ол базалық ұғым ретінде «өзін-өзі дамытуға» берілген анықтамалардың мазмұнын және мәнін ашуға көмектеседі.

Қазіргі мектеп мұғалімі тұлғасының өзін-өзі дамытуының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындау мақсатында Л.Н.Бережнованың «Өзін-өзі дамыту және кәсіби-педагогикалық қызмет деңгейін диагностикалау» әдістемесі қолданылады.

Әдістеме бойынша алынған мәліметтерді зерделеу кезінде қазіргі мектеп мұғалімдерінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетте өзін-өзі дамытуының орташа деңгейі басым екені анықталды: педагогикалық іс-әрекет жобасын бағалауы (38%); өзін-өзі дамытуға ұмтылу (32%) және жеке тұлғаның өз қасиеттерін өзіндік бағалауды дамыту деңгейі (30%).

Зерттеу нәтижелері қазіргі мектеп мұғалімдерінің өзін-өзі дамытуы бойынша мынадай ұсыныстар беруге негіз болады. Яғни кәсіби және тұлғалық салаларына қатысты өзін-өзі дамыту қажеттілігін іске асыру, өзін-өзі тану және өзін-өзі талдау тәсілдерін меңгеру; шығармашылықты дамытуға, біліктілігін көтеруге, өз бетімен білім алуға, педагогикалық инновацияларды үйренуге, оқыту әдістемесі саласындағы эрудиция мен құзыреттілікті арттыруға баулудың қажеттілігін айқындайды.

Сонымен өз бетімен білім алуын заманауи мектеп мұғалімінің кәсіби өзін-өзі дамытуының ажырас бөлігі деп қарастыруға болады. Ол оқу үдересінің сапасы мен тиімділігін арттыруға және мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруге ықпал ететін жалпы мәдениетті, заманауи педагогикалық идеялар мен технологияларды игеруіне бағытталған ерікті іс-әрекет болып табылады. Мұнда заманауи мектеп мұғалімінің өз бетімен білім алуының негізгі сипатамаларына оның саналылығын, мақсатқа бағыттылығын және жүйелілігін жатқызуға болады

Сондықтан заманауи мектеп мұғалімнің өзін-өзі дамытуының маңызды шарты біліктілікті арттыру жүйесінің бөлігіне саналатын көп деңгейлік, вариативтілік, индивидуальдық-дифференциалдық тұрғыдағы қағидаларға негізделген үздіксіз білім алудың қажеттілігі болып табылады.

Нәтижелері.

Қазіргі мектеп мұғалімі тұлғасының өзін-өзі дамытуының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындау «өзін-өзі дамыту» ұғымының мәнін ашумен тығыз байланысты.

Бүгінгі таңда «өзін-өзі дамыту» ұғымына сөздіктер мен энциклопедияларда бірқатар анықтамалар берілген:

- сыртқы күштердің әсерінсіз-ақ өз бетінше даму [2];
- тәуелсіз жаттығулар арқылы адамның ақыл-ойының дамуы немесе физикалық дамуы [3];
- адамның ішкі белсенділігіне байланысты дамуы, өсуі, дамуы үшін өзімен жұмыс істеуіне ішкі қабілетінің болуы [4];
- сыртқы факторларға қарамастан ішкі себептердің күшімен жүретін даму; ішкі қарама-қайшылықпен және сыртқы факторлармен анықталатын құбылыстың өзіндік қозғалысы; материалдық және идеалды объектілердің қайтымсыз, бағытталған, тұрақты өзгеруі, сондай-ақ осы сапалардың бір мезгілде болуы барлық даму процестерін басқа өзгерістерден ерекшелендіреді [5]

В.Е.Степанова философиядағы тұлғаның өзін-өзі дамытуының негізгі тәсілдерін талқылап, келесі тізімді ұсынады: 1) адамның өзін-өзі жетілдіруі; 2) рухани шығармашылық іс-әрекет арқылы өзін жақсартуы; 3) өзін басқалармен іс-қимыл арқылы жүзеге асыруы; 4) өмірдің мәнін шығармашылық тұрғыдан іздеуі [6].

Психологияда өзін-өзі дамытуды көптеген отандық және шетелдік ғалымдар зерттеді. Шетелдік психологияның бірқатар жетекші мектептері жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту мәселелеріне назар аударды. Атап айтқанда, психоанализде (А.Адлер, З.Фрейд, К.Г.Юнг және т. б.) өзін-өзі дамыту, ең алдымен, өзін-өзі дамытудың қажетті шарты болып табылатын жасырын ішкі динамикалық процестер жүйесін түсінуден байланысты десе, ал гуманистік психология мектебінде (А.Маслоу, К. Роджерс және т.б.) өзін-өзі дамыту адамның жеке басын ашу арқылы қарастырылады.

Белгілі психологтар (Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин) еңбектерінде тұлғаның өзін-өзі дамытуы адамның өзін-өзі өзгертудегі, жеке әлеуетін ашудағы өзіндік белсенділігі ретінде қарастырылады. Даму - бұл «өзіндік қозғалыстың үздіксіз процесі, ол бірінші кезекте тұрақты емес пайда болуымен және бұрынғы сатыларда болмаған жаңаның туындауымен сипатталады» [7].

Л.С. Выготскийдің пікірінше, «адамды тәрбиелеу мүмкін емес, ол өзін-өзі тәрбиелейді, басқалары тек өзінің жеке басын құру үшін қажет болуы мүмкін материалдарды жеткізеді, ол үшін даму мен өзін-өзі дамыту іс жүзінде бірдей болып саналады» [8].

Бірқатар ғалымдардың (А.Н.Макарова, И.А. Шаршов) пікірінше, «тұлғаның өзін-өзі дамытуы – бұл ішкі маңызды ұмтылыстар мен сыртқы әсерлерге негізделген тиімді өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында жеке тұлғаның саналы қалыптасу процесі. Егер тұлға жеке қасиеттердің өзгеруін түсінбесе, онда олар «даму» ұғымымен сипатталады [9].

Е.Н.Волкованың пікірінше, өзін-өзі дамыту адамның бойындағы бар қабілетімен көзделген деңгейінің арасындағы қарама-қайшылықты шешуге бағытталған энергия, психологиялық тетік болып табылады [10].

Сондықтан философия, психология және педагогика ғылымында өзін-өзі дамыту мәселелерін зерттеудің әртүрлі тәсілдері адамның ішкі әлемінің көп өлшемділігін, өзін-өзі дамытуға әсер ететін факторлардың күрделі жүйесін, адам мен қоғам арасындағы қатынастарды түсінуге ықпал етеді.

Демек, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс адамның табиғи қажеттілігі, ата-ана тәрбиесімен өсірілетін, адамның еркімен басқарылатын, генотип пен фенотиппен анықталатын, жеке тұлғаның өзін-өзі танытуына алып келетін, оның еркіндік деңгейін арттыратын бастапқы, табиғи анықталған, тепе-тең емес және сызықтық емес сипатқа ие сапа деп қорытынды жасауға болады.

Осы тұрғыдан алғанда, өзін-өзі дамыту адамның өз өмірінің шынайы субъектісі

болуына және қабілеттілігін, белгілі бір мотивтердің әсерінен өз іс-әрекетін, мінез-құлқын өзгерту арқылы немесе өзін-өзі іс жүзінде көрсету, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі тану формаларын қолдана отырып, нақты мақсаттар қойылатын және қол жеткізілетін үздіксіз процесс деп саналады. Мұнда өзін-өзі іс жүзінде көрсету өзінің жеке басын, мінез-құлқын, іс-әрекетін растауға немесе күшейтуге мүмкіндік береді; ал өзін-өзі жетілдіру өзін-өзі дамыту процесін саналы басқаруы, өзін-өзі өзектендіру өмірдің мәнін білуі, өзін-өзі жүзеге асырудың толықтығына қол жеткізуі арқылы өзін әлемде танытуын білдіреді.

Сонымен жоғарыдағы еңбектерге жасалған теориялық талдау жалпы өзін-өзі дамытуды, атап айтқанда, кәсіби өзін-өзі дамытуды анықтауда бірін-бірі толықтыратын сипаттамаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Соның ішінде, саналы қажеттілік, белсенділік, дайындық өзін-өзі дамытудың негізгі сипаттары болып табылады.

Талқылау

Сондықтан қазіргі мектеп мұғалімі тұлғасының өзін-өзі дамытуының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерінің бірі ретінде белсенділік, дайындық маңызды рөл атқаратынына назар аударылады.

Белсенділіктің негізгі белгілері мен сапа-қасиеттерінің арасында іс-әрекеттің негізгі сипаттамаларының күшеюі және бастамашылдық ерекшеленеді. Сәйкесінше, белсенділік ұғымын екі аспект бойынша қарастыруға болады: белсенділік - бастамашылық, іс-әрекетке ішкі ынталандыру ретінде; белсенділік - қарқындылық, іс-әрекеттің сандық-сапалық сипаттамасы ретінде.

М.Р. Битянова кәсіби өзін-өзі дамытуды «кәсіби қызмет саласындағы өз тәжірибесі мен озық тәжірибесін түсіну арқылы кәсіби қызметтің жеке стилін қалыптастыруға ықпал етеді», - деп тұжырымдайды [11].

Н.П. Тропникова болашақ педагог ретінде студенттерді зерделей отырып, «кәсіптік өзін-өзі дамытуға дайындықты оқу-кәсіптік іс-әрекетті саналы өзін-өзі реттеуі негізінде кәсіптік оқытуды кәсіби өзін-өзі дамытуға бағдарлайтын, болашақ педагог тұлғасының мотивациялық, когнитивті және конативті құрауыштарын қалыптастырудың және интеграциялаудың кезеңдік процесінің өнімділігін қамтамасыз ететін тұлғаның сапасы» деп анықтайды [12].

Е.А. Власова «дайындық» ұғымын анықтаудың әртүрлі тәсілдерін талдай отырып, өзара байланысты үш құрылымдық компоненттердің (мотивациялық-мақсаттық, мазмұндық-операциялық және рефлексивтік) жиынтығы түрінде кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындық құрылымын ұсынады. Оның пікірінше, мотивациялық-мақсаттық ынталандырушы, бағыттаушы және реттеуші функцияларды, мазмұндық-операциялық компонент мақсаттар мен міндеттер негізінде процестің мазмұнын анықтаса, ал рефлексивтік компонент өзін-өзі дамыту барысында олардың іс-әрекеттерін объективті бағалауды және қажет болған жағдайда оларды түзетуді жүзеге асыруды білдіреді [13].

Кәсіби өзін-өзі дамытуға іс-әрекет ретінде оның барысында әр түрлі факторлар әсер етеді, бұл факторлар кәсіби өзін-өзі дамыту қызметінің тиімділігіне ғана емес, сонымен қатар оның пайда болу фактісіне де әсер етуі мүмкін.

С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «фактор» ұғымына кез-келген үдерістегі, құбылыстағы маңызды жағдай деген анықтама беріледі [14].

Үлкен энциклопедиялық сөздікте факторды қандай да бір үдерістің, құбылыстың сипатын немесе жеке ерекшеліктерін анықтайтын себеп, үдерістің қозғаушы күші деп түсіндіріледі [15].

Демек, заманауи мектеп мұғалімінің кәсіби өзін-өзі дамытуына әсер ететін факторлары оның қозғаушы күштерін сипаттайды. Жалпы алғанда, басылымдар кездесетін барлық факторларды екі негізгі топқа бөліп көрсетеді:

- кәсіби өзін-өзі дамытуды ынталандыратын факторлар;
- кәсіби өзін-өзі дамытуға кедергі келтіретін факторлар, көбінесе кәсіби өзін-өзі дамыту кедергілері деп аталады.

Ю.В. Мокерова жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының маңызды үш факторын бөліп көрсетеді: қоғамның ерекшеліктері және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының құндылығы; жеке тұлғаның құндылықтық бағыты; өмірбаяндық контекст, жеке адамның өмір сүру жағдайлары, олардың «өткен – қазіргі – болашақтағы» қарқыны [16].

Сонымен қатар, кәсіби өзін-өзі дамыту факторларын бөлудің әр түрлі тәсілдері де кездеседі:

- психологиялық факторлар маман үшін кәсіби өзін-өзі дамыту құндылығының аспектілерін және оның кәсіби қызметіне қызығушылық дәрежесін сипаттайды;

- ұйымдастырушылық факторларға жұмыс беруші жасаған кәсіби өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін сипаттайтын факторлар, сондай-ақ көшбасшы мен әріптестердің қолдауы жатады;

- экономикалық факторлар кәсіби өзін-өзі дамытуды және маманның жеке қаржылық ресурстарын материалдық ынталандыру жүйесінің болуын көрсетеді.

Қазіргі мектеп мұғалімі тұлғасының өзін-өзі дамытуының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерделеуде бұл факторлармен қатар ықпал ететін кедергілерге назар аударылады.

В.Г. Маралов ұсынған тұлғаның өзін-өзі дамытуының мынадай кедергілерін ескеру қажеттілігі айқындалады:

- сыртқы объективті кедергілер: төмен жалақы, қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жеткіліксіз; жұмыстағы үлкен жұмыс жүктемесі өзін-өзі дамытуға уақыт пен мүмкіндік қалдырмайды; жұмыспен қамту жұмыстан басқа-көп уақытты қажет ететін отбасына, балаларға, туыстарына қамқорлық; күш, уақыт пен уақыттың жетіспеушілігіне әкелетін денсаулықтың қанағаттанарлықсыз жағдайы және кәсіби өзін-өзі дамыту сабақтарына ынталандыру;

- сыртқы субъективті кедергілер: жұмыс орны бойынша қандай да бір себептермен қызметкерлердің өзін-өзі дамытуы үшін қолайлы жағдайлардың болмауы; ұжымдағы жағымсыз әлеуметтік-психологиялық ахуал, әріптестер тарапынан қызғаныш, дұшпандық, қысым көрсету көріністері, жанжалды жағдайлар; басшылық тарапынан қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүдделіліктің, көмек пен қолдаудың болмауы.

- ішкі объективті кедергілер: өзін-өзі дамыту қабілетінің болмауы, шаблондар мен стереотиптерге бейімділік; өзін-өзі дамыту мотивтері мен қажеттіліктерінің болмауы; өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытудың психологиялық тетіктерінің дамымауы: сәйкестендіру және рефлексия, өзін-өзі қабылдауы және өзін-өзі болжауы; өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеудің «технологияларын» нашар меңгеруі;

- ішкі субъективті кедергілер: ерікті күш-жігер танытуға, жеке өсу үшін жалқаулық пен инерттілікті еңсеруге құлықсыздық; ықтимал сәтсіздіктер не одан қанағаттанудың болмауы себебінен кәсіптегі көңілсіздік сезімі; жоғары өзін-өзі бағалауға негізделген және жетілдіруге ұмтылуды бұғаттайтын өзіне деген сенімділік; қалыптасқан үйреншікті іс-әрекетін өзгерткісі келмеуі, тұлғалық қаттылығы [17].

Сонымен кәсіби өзін-өзі дамыту факторларын зерттеу жоғары білім алу үдерісінде кәсіби білімді бастапқы жинақтау кезінде ғана емес, кәсіби қызметті жүзеге асыру жағдайында да маңызды екенін де атап өтуге болады.

Сонымен қатар білім беру субъектілерінің, соның ішінде мұғалімнің тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамытуы келесідей шарттар кешенімен де анықталады:

- ішкі шарттар – адамның өзінің ішкі әлемінің белсенді сапалы түрленуін айқындайтын интрапсихологиялық факторлар жүйесі;

- сыртқы және ішкі шарттар – «мұғалім – оқушы», «мұғалім – оқушы – ата-ана» және басқа да қауымдастықтың полисубъектілерде өзара әрекеттестікке қатысумен айқындалатын жеке тұлғаның дамуының интер және интрапсихологиялық факторларының жүйесі;

- сыртқы шарттар – білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы берілетін интерпсихологиялық факторлар жүйесі.

Мұнда рефлексиялық ресурсты өзектілендіруді қамтитын және тіршілік әрекетінің қағидатты жаңа тәсіліне алып келетін белсенділіктің ішкі детерминациясы басымдылыққа ие болады.

Демек, заманауи мектеп мұғалімінің кәсіби өзін-өзі дамыту үдерісінде келесі тұрақты байланыстар екі тұрғыдан көрініс табады: бір жағынан, жеке тұлғаның ерекшеліктері кәсіби іс-әрекет үдерісі мен нәтижелеріне, екінші жағынан, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы кәсіби іс-әрекеттің ерекшелігі мен білім беру ортасының сипаттамаларына әсер етеді.

Қорытынды.

Сонымен философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдау кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындықты кәсіби өзін-өзі дамытуға белсенді қатысуы үшін маңызды жағдай ретінде белгілеуге, кәсіби қызметінің ерекшелігін ескеруге, белсенді, саналы қызметі ретінде анықтауға, кәсіби өзін-өзі тану және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық қызмет көрсету сапасын дамытуға мүмкіндік берді.

Демек, заманауи мектеп мұғалімінің кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындығы тұлғалық қасиет немесе сапа ретінде қарастырылады. Оның құрылымы өзара байланысты бірнеше компоненттермен ерекшеленеді, бұл жеке тұлғаның қасиетін интегралды сипатта көрсетеді.

Қорыта келгенде, кәсіби өзін-өзі дамытуға дайындық соңғы жылдары зерттеулер көрсеткендей, кәсіби өзін-өзі дамыту процесінің тиімділігі ғана емес, сонымен бірге оны жүзеге асыру да оған байланысты.

Кәсіби өзін-өзі дамытудың қарқындылығы ретінде белсенділік субъекті әрекеттерінің сан алуан түрінен көрінеді, олар:

- кәсіптік әдебиеттерді оқу;
- тренингтер мен оқыту семинарларына, біліктілікті арттыру қатысу;
- ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу (тыңдаушы немесе сөз сөйлеуші ретінде);
- ғылыми журналдар мен жинақтарда мақалалар жариялау;
- өз қызметіне жаңа әдістерді, техникаларды енгізу;
- өз тәжірибесі негізінде жаңа әдістерді, техникаларды әзірлеу және оларды тарату;
- тәжірибесі аз әріптестерге тәлімгерлік тұрғыдан көмектесу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы.

2. Кузнецов С.А. Большой толковый словарь русского языка/С.А. Кузнецов. СПб.: Норинт, 2000. 1536с

3. Ефремова, Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково слово образовательный. Москва.: Русский язык, 2000.

4. Жмуров В.А. Большая энциклопедия по психиатрии / В.А. Жмуров. Москва. Джангар, 2012. 864 с.

5. Губский Е.Ф., Кораблева Г.В., Лутченко В.А. Философский энциклопедический словарь / Москва. Инфра-Москва, 2005. 576с.

6. Степанова В.Е. Философско-методологические основания саморазвития личности: автореф. дис. ... канд. филос. наук. Якутск, 2003. 25с.

7. Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. СПб: Союз, 2004. 224с.

8. Выготский Л.С. Педагогическая психология. Москва. Педагогика-Пресс, 1996. 536 с.

9. Макарова Л.Н. Технологии профессионально-творческого саморазвития учащихся/Л.Н. Макарова, И.А. Шаршов. Москва. Сфера, 2005. 96с.

10. Волкова Е.Н. Субъектность педагога: теория и практика. автореф.дис... докт. психол.наук. Москва, 1998. 42с.
11. Битянова, М.Р. Психология личностного роста. Москва.Междунар. пед. академия, 1995. 64с.
12. Тропникова Н.П. Совместное профессиональное саморазвитие: на примере подготовки педагогов профессионального обучения [Электронный ресурс] // Современные проблемы науки и образования. 2013. №6.
13. Власова Е.А. Профессиональное саморазвитие будущих социальных педагогов: монография. Николаев, 2008. 116с.
14. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. Москва.: АЗЪ, 1993. 294с.
15. Большой энциклопедический словарь/ред. А. М. Прохоров. 2-е изд., перераб. и доп. Москва. Большая Рос.Энцикл, 1998. 1434 с.
16. Мокерова Ю.В.Противоречия становления потребности саморазвития личности в современных условиях: социологический анализ: автореф. дис. канд. социол.наук. Екатеринбург, 2006. 23с.
17. Маралов В.Г.Основы сампознания и саморазвития: учеб. пособие.2-е изд. стер. Москва. Академия, 2004. 256с.

Аннотация: В данной статье раскрываются психолого-педагогические особенности саморазвития личности учителя современной школы. Требование современного общества к специалистам меняется ежедневно, каждый раз появляются новые. Специалисты должны быть не только грамотными в своей профессиональной деятельности, но и гибкими к изменяющимся условиям, постоянно стремящимися к саморазвитию. В связи с этим возрастает роль как высшего профессионального образования, так и непрерывного образования, призванного удовлетворить потребности в саморазвитии личности учителя современной школы. Саморазвитие - это непрерывный процесс, в рамках которого осуществляется деятельность, определяемая умениями человека делать выбор, нести ответственность и достигать целей под влиянием определенных мотивов и на основе самосознания. Сегодня учителя школы считаются категорией педагогических работников, подверженных сильному профессиональному выгоранию, следствием которого может стать снижение стремления и готовности к развитию, совершенствованию своей профессии. С этой точки зрения цель профессионального саморазвития напрямую зависит от целей профессиональной деятельности и, соответственно, особенностей содержания той или иной профессиональной деятельности.

Ключевые слова: развитие, саморазвитие, личность, учитель современной школы, особенность, психолого-педагогические особенности, фактор.

Abstract: This article reveals the psychological and pedagogical features of the self-development of the personality of the teacher of the modern school. The requirement of modern society for specialists changes daily, each time new ones appear. Specialists should be not only competent in their professional activities, but also flexible to changing conditions, constantly striving for self-development. In this regard, the role of both higher professional education and continuous education is increasing, designed to meet the needs for self-development of the personality of a teacher of a modern school. Self-development is a continuous process within which activities are carried out, determined by a person's ability to make choices, bear responsibility and achieve goals under the influence of certain motives and on the basis of self-awareness. Today, school teachers are considered a category of pedagogical workers who are prone to severe professional burnout, which may result in a decrease in the desire and readiness to develop and improve their profession. From this point of view, the goal of professional self-development directly depends on the goals of professional activity and, accordingly, the characteristics of the content of a particular professional activity.

Key words: development, self-development, personality, teacher of a modern school, peculiarity, psychological and pedagogical, factor.